



«Бекітемін»  
Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым вице-министрі  
Е.И.Иманғалиев  
« 1 » \_\_\_\_\_ 2016 ж.

### Тест спецификациясы

**1. Тақырыбы:** «Қазақ тілі» пәні бойынша жалпы білім беретін орта мектеп мұғалімдеріне арналған тест. (Оқыту қазақ тілінде жүретін мектептер үшін).

**2. Құрастырылу мақсаты:** Тест педагог қызметкердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында құрастырылған.

**3. Міндеті:** Кәсіби құзыреттілік деңгейін анықтау.

**4. Тест мазмұны:**

Б1 бөлігі - бір дұрыс жауабы бар (1/5) 10 тапсырма,

Б2 бөлігі - бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар (б/б) 5 тапсырма,

Б3 бөлігі - бір жағдаятқа (бір дұрыс жауабы бар) 5 тапсырма.

Тестке негізгі бөлімдердің материалдары енгізілді.

Тест тапсырмалары 3 қиындық деңгейінен тұрады.

Бірінші деңгей (А) - 5 тапсырма.

Екінші деңгей (В) - 11 тапсырма.

Үшінші деңгей (С) - 4 тапсырма.

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Қиындық деңгейі	Тапсырма формасы	Тапсырманың тестідегі орны
1	Лексика. Сөздік қор.	1	Сөздің тура және ауыспалы мағыналары. Көп мағыналы сөздер. Омоним, Синоним, Антоним Тұрақты тіркес, мақал-мәтел. Көнерген сөздер, неологизмдер Кірме сөздер мен диалект сөздер, кәсіби сөздер мен терминдер. Табу. Эвфемизмдер мен дисфемизмдер.	В	1/5	Б1-1
2	Фонетика. Үндестік заңы. Буын және тасымал.	1	Тіл дыбыстары туралы жалпы ұғым. Дауысты, дауыссыз. дыбыстардың жіктелуі Үндестік заңы. Орфография, орфоэпия. Буын және тасымал. Екпін. Екпіннің түрлері.	В	1/5	Б1-2
3	Сөзжасам.	1	Сөздік құрам. Түбір сөз. Түбір және қосымша. Жұрнақ. Туынды түбір мен түбірлес сөздер. Біріккен сөз, қос сөз, қысқарған сөздер.	В	1/5	Б1-3

4	Морфология. Зат есім, сын есім.	1	Зат есімнің түрлері. Сын есімнің түрлері.	В	1/5	Б1-4
5	Сан есім, есімдік.	1	Сан есімнің түрлері. Есімдіктің түрлері.	В	1/5	Б1-5
6	Етістік	1	Етістіктің түрлері, категориялары.	А	1/5	Б1-6
7	Үстеу. Еліктеу сөздер, одағай, шылау.	1	Үстеудің түрлері. Еліктеу сөздер, одағай, шылау.	В	6/6	Б2-1
8	Синтаксис. Сөз тіркесі, сөйлем	1	Сөз тіркесінің түрлері. Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай бөлінуі.	В	6/6	Б2-2
9	Сөйлем мүшелері.	1	Сөйлем мүшелері. Сөйлемнің бірыңғай, айқындауыш, жалпылауыш мүшелері.	В	1/5	Б1-7
10	Жай сөйлем.	1	Жақты, жақсыз сөйлем. Жалаң және жайылма сөйлем. Толымды, толымсыз және атаулы сөйлем.	А	6/6	Б2-3
11	Құрмалас сөйлем.	1	Салалас, сабақтас құрмалас сөйлем, түрлері.	В	6/6	Б2-4
		2	Аралас құрмалас сөйлем, түрлері.	С	1/5	Б1-8
12	Оқшау сөздер, төл сөз.	1	Оқшау сөздер. Қыстырма және қаратпа сөздер. Төл сөз, автор сөзі, төлеу сөз. Одағай сөздер.	С	1/5	Б1-9
13	Пунктуация. Тыныс белгілері.	1	Нүкте, көп нүкте. Қабаттаса келген тыныс белгілері. Тырнақша, жақша.	А	6/6	Б2-5
14	Стилистика. Сөз мәдениеті. Шешендік сөз.	1	Стиль, оның түрлері. Сөз мәдениеті. Шешендік өнердің тарихы. Шешендік сөздің түрлері.	С	1/5	Б1-10
15	Жағдаяттық тапсырмалар. Әртүрлі түрдегі (тест, таблица, график, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б) ұсынылған ақпарат негізіндегі жағдаяттар (оқиға, мәселе, шынайы өмірде болған оқиға).			А, А, В, В, С	1/5	Б3-1-5

### 5. Әрбір тапсырманың сипаттамасы:

**Фонетика мен графика:** Орфографиялық және орфоэпиялық дағдылар;

**Орфоэпия мен орфография:** әдеби тіл нормалары мен орфографиялық біліктіліктері;

**Лексика:** тілдік материалдарда лингвистикалық білімдерін қолдана білу;

**Сөзжасам:** тілдік материалдарда лингвистикалық білімдерін қолдана білу;

**Морфология:** тілдік материалдарда лингвистикалық білімдерін қолдана білу;

**Синтаксис:** тілдік материалдарда лингвистикалық білімдерін қолдана білу;

**Пунктуация:** тыныс белгілерді қолдана білу дағдылары;

**Стилистика:** әдеби тілді меңгеру дәрежелері, сөйлем құрау дағдылары.

**6. Тапсырмалар орындалуының орташа уақыты:**

Тестінің бір тапсырмасын орындап шығуға белгіленген уақыт – 2 минут. Тестінің толық орындалу уақыты – 40 минут.

**7. Нұсқалар мен тапсырмалар саны:**

Тест нұсқаларының баламалылығы:

- тестілердің спецификацияға сай құрылуымен;
- өзара ауыстыруға келетін тапсырмалардың әр түрлі нұсқаларда бір орында келуімен;
- барлық нұсқаларда қиындық деңгейінің бірдей болып келуімен жүзеге асырылады. Бір тестіде 20 сұрақ.

**8. Бағалау.**

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін - 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.

Бірнеше жауап нұсқасынан барлық дұрыс жауаптар үшін - 2 балл,

- жіберілген бір қате үшін - 1 балл,
- екі және одан көп қате жауап үшін – 0 балл беріледі.

**9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

**ҰТО директоры**



**Қ. Әбдиев**